

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларын және одан өту шарттарын, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 15 қарашадағы № 207 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қарашада № 30570 болып тіркелді.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7 - бабының 2-1-тармағына, 84-бабының бесінші бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса берілген Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидалары және одан өту шарттары, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 15 қарашадағы
№ 207 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидалары және одан өту шарттары, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидалары және одан өту шарттары, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері (бұдан әрі - Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабы 2-1-тармағына, 84-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әзірленді және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу тәртібін және оны өткеру шарттарын, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін айқындайды.

Осы Қағидалардың күші азаматтық қорғау органдарына және азаматтық қорғау органдарының қатардағы, кіші және орта басшы құрамдар лауазымдарына алғашқы кәсіптік даярлыққа түсетін адамдарға қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) алғашқы кәсіптік даярлық – құқық қорғау органдарына қызметке кіріп жатқан адамдар үшін кәсіптік дағдылар алуға бағытталған кәсіптік оқыту нысаны;

2) бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші – қызметке кандидаттың және қызметкердің кәсіби құзыреттеріне, сондай-ақ лауазым үшін негізгі көрсеткіштеріне және кәсіби жетістіктері туралы объективті деректеріне негізделген кәсіби әлеуетінің нысандық сандық мәні;

3) алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу (бұдан әрі - іріктеу) – кандидаттарды Заңның 6 және 10-баптарында көзделген шарттар мен талаптарына, сондай-ақ Заңның 29-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілген лауазымдардың санаттарына қойылатын біліктілік талаптарына (бұдан әрі - біліктілік талаптары) сәйкестігі тұрғысынан зерделеуге бағытталған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Төтенше жағдайлар департаменттерінің (бұдан әрі - аумақтық органдар), Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің (бұдан әрі – мемлекеттік мекемелер) қабылдау комиссиялары оларды одан әрі алғашқы кәсіптік даярлықтан өту үшін жіберу мақсатында жүзеге асыратын іс-шаралар кешені;

4) кандидат – іріктеуден өтетін адам;

5) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі білім беру ұйымдарының оқу орталықтары (бұдан әрі - оқу орталықтары) – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының (бұдан әрі - Академия) облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан және алғашқы кәсіптік даярлық шеңберінде оқытуды және тыңдаушыларды тағылымдамадан өту үшін аумақтық органдар, мемлекеттік мекемелерге жіберуді жүзеге асыратын бөлімшелері;

6) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйенің сандық баламасына сәйкес келетін баллдардағы оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

7) тыңдаушы – алғашқы кәсіптік даярлыққа қабылданған адам;

8) уәкілетті басшы – құқық қорғау органының облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе оған теңестірілген мамандандырылған бөлімшесінің басшысы, құқық қорғау органы мекемесінің, ведомствосының басшысы;

9) үлестік мән - алғашқы кәсіптік даярлыққа кандидаттың оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін айқындауға әсер ететін іріктеудің нәтижелері және осы Қағидалардың 4-3-тармағының 2), 4), 6) және 12) тармақшаларында көзделген құжаттарды зерделеу нәтижелері бойынша алынған сапалық көрсеткіштерінің сандық (цифрлық) көрінісі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қатардағы, кіші және орта басшы құрам лауазымдарына кіретін адамдар алғашқы кәсіптік даярлық шеңберінде оқуды оқу орталықтарында, ал тағылымдаманы аумақтық органдарда, мемлекеттік мекемелерде өтеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Жыл сайын, жылына 2 рет Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі орталық аппаратының (бұдан әрі - ТЖМ) кадр қызметі 1 желтоқсанға дейін және 1 маусымға дейін аумақтық органдардың, мемлекеттік мекемелердің кадр қызметі бөлімшелері берген өтінімдер негізінде жартыжылдыққа арналған алғашқы кәсіптік даярлық жоспар-кестелерін әзірлейді және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министрімен (бұдан әрі – вице-министр) бекітеді.

Жоспар-кестеге өзгерістер мен толықтырулар вице-министрдің шешімі бойынша енгізіледі.

1-1-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеуді ұйымдастыру

Ескерту. Қағидалар 1-1-тараумен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Алғашқы кәсіптік даярлыққа кандидаттарды іріктеуді ұйымдастыру аумақтық органдардың, мемлекеттік мекемелердің кадр қызметтеріне жүктеледі және келесі шараларды қамтиды:

1) ақпараттық-ұйымдастырушылық (іріктеу туралы хабарландыруды жариялау, сондай-ақ халықты ақпараттандыру);

2) іріктеуге қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттар қабылдау;

3) кандидаттардың Заңның 6 және 10-баптарында белгіленген шаттар мен талаптарға және біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын-ала зерделеу;

4) кандидаттарды әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық және психофизиологиялық куәландырудан (бұдан әрі - ӘДК) және полиграфологиялық зерттеуден өтуге жолдау;

5) кандидаттардың оқу істерін қалыптастыру.

4-2. Іріктеу өткізу туралы хабарландыру (бұдан әрі - хабарландыру) аумақтық органдардың, Академияның интернет-ресурстарында орналастырылады. Бұл ретте хабарландыру бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Мемлекеттік мекемелердің хабарландыруы аумақтық органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Халықты ақпараттандыру бұқаралық ақпарат құралдарында, аумақтық органдардың, мемлекеттік мекемелердің ресми интернет-беттерінде, әлеуметтік желілерінде іріктеу жүргізілетін лауазымдар және оларға қойылатын біліктілік талаптары туралы, құқық қорғау қызметіне кіру тәртібі және қызмет көрсету шарттары, құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні туралы мәліметтерді жариялауды қамтиды.

Хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) құжаттарды қабылдау мерзімі (хабарландыру жарияланған күннен бастап он жұмыс күні);

2) негізгі функционалдық міндеттері, жалақы мөлшері белгіленген лауазымдардың атауы;

3) біліктілік талаптары;

4) қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулер және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;

5) өтінішті қабылдайтын аумақтық органның, мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, оның пошталық мекенжайы, байланыс телефондарының нөмірлері туралы мәліметтер;

б) осы Қағидалардың 4-3-тармағында көзделген қажетті құжаттар тізбесі.

4-3. Кандидат мынадай құжаттарды кадр қызметтеріне қолма-қол ұсынады немесе Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы тапсырады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бос лауазымға орналасуға арналған іріктеуге қатысуға өтініш;

2) жеке сәйкестендіру нөмірі бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың немесе оның электрондық нысанының көшірмесін;

3) егер кандидат жүргізушілер лауазымына үміткер болса, тиісті санаттағы көлік құралын басқару құқығын растайтын жүргізуші куәлігінің немесе оның электрондық нысанының көшірмесін;

4) білім туралы құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33219 болып тіркелген) немесе "Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) сәйкес білім туралы құжаттарды тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжаттарды;

5) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы жұбайларын көрсете отырып, өз қолымен жазылған толық өмірбаян;

6) әскери билет немесе тіркеу куәлігі, немесе әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтағаны туралы сертификат (бар болса);

7) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес кандидаттың еңбек қызметін растайтын құжаттар (бар болса);

8) 3x4 көлеміндегі түрлі-түсті фотосуреттер (6 дана);

9) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кірістері мен мүлкі туралы декларацияны тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсынғанын растайтын құжаттар;

10) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кандидаттың сауалнамасы;

11) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;

12) спорттық разрядтың бар екендігін растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Дұрыс емес ақпарат пен (немесе) құжаттардың толық емес пакетін ұсыну оларды караудан бас тартуға негіз болып табылады.

Ескерту. 4-3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.05.2024 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-4. Кадр қызметтері кандидаттар ұсынған осы Қағидалардың 4-3-тармағында санамаланған құжаттардың негізінде олардың Заңның 6 және 10-баптарында белгіленген шаттар мен талаптарға және біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды жүзеге асырады және бір мезгілде оларға қатысты Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық сервисінің есепке алулары бойынша тексеру жүргізеді.

Кандидатта әскери билет немесе тіркеу куәлігі болмаған кезде кадр қызметтері Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы кандидаттың Заңның 10-бабына сәйкестігі туралы мәселені шешу үшін әскери қызметке қатынасын тексереді.

Кадр қызметіне кандидаттардың кандидаттың әскери қызметке қатынасын растайтын, Қазақстан Республикасының Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы алынған ақпаратты (құжаттарды) ұсынуына жол беріледі.

Кандидаттар Заңның 6 және 10-баптарында белгіленген шаттар мен талаптарға және біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, қызметке жарамдылығын айқындау үшін кадр қызметтері ӘДК-ға және полиграфологиялық зерттеуге жолдамалар береді.

ӘДК "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 758 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21580 болып тіркелді) сәйкес жүзеге асырылады.

Кандидаттарды полиграфологиялық зерттеу "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 683 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.05.2024 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-5. ӘДК және полиграфологиялық зерттеудің нәтижелерін алғаннан кейін, осы Қағидалардың 4-3-тармағында көзделген құжаттардан тұратын кандидаттардың оқу істері қалыптастырылады.

Кандидатты қызметке денсаулық жағдайы бойынша жарамсыз/шектелген жарамды деп тану және/немесе оның полиграфологиялық тексеруден өтпеуі іріктеуден одан әрі өтуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

2-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу тәртібі

5. Іріктеу келесі бірқатар дәйекті кезеңдерден тұрады:

1) қалыптастырылған оқу істері негізінде іріктеуге жіберілген кандидаттардың тізімін қалыптастыру;

2) кандидаттардың осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруы;

3) кандидаттардың қабылдау комиссиясымен әңгімелесуден өтуі.

Іріктеудің әр кезеңінен тек бір рет өтуге рұқсат етіледі. Іріктеудің алдыңғы кезеңінен өтпеген кандидат іріктеудің келесі кезеңіне жіберілмейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидалардың 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кезеңнен өту кандидаттың таңдауы бойынша қазақ және орыс тілдерінде және жеке сәйкестендіру нөмірі бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат немесе оның электрондық нысаны болған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдерден өту техникалық жазба құралдарының (аудио-бейнежазба) көмегімен тіркеледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Кандидаттардың осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген кезеңдерге келмеуі іріктеу кезеңдерінен одан әрі өтуден және (немесе) алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуге бас тартуға негіз болып табылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Іріктеу жүргізу үшін аумақтық органдардың, мемлекеттік мекемелердің жанынан қабылдау комиссиялары құрылады.

Қабылдау комиссиясының құрамын уәкілетті басшы бекітеді.

Қабылдау комиссиясының құрамына қабылдау комиссиясының төрағасы және қабылдау комиссиясының өзге мүшелері кіреді.

Қабылдау комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясын төраға басқарады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы болмаған кезде оның өкілеттігін оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қабылдау комиссиясының төрағасы болып:

аумақтық органдарда - аумақтық органның бастығы немесе оның орынбасары, немесе олардың міндетін атқарушылар;

мемлекеттік мекемелерде - мемлекеттік мекеменің бастығы немесе оның орынбасары, немесе олардың міндетін атқарушылар тағайындалады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Қабылдау комиссиясының мүшелері болып кадр қызметтерінің (бұдан әрі - кадр қызметтері) бастықтары, сондай-ақ жеке құрам бойынша инспекцияның, дене шынықтыру даярлығын жүзеге асыру бойынша функция жүктелген қызметтерінің, орналасуға іріктеу өтетін бос лауазымдары бар құрылымдық бөлімшенің қызметіне жетекшілік ететін аумақтық органдардың, мемлекеттік мекемелердің аппаратының өкілдері тағайындалады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Қабылдау комиссиясының қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

Қабылдау комиссиясының құрамын өзгерту осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген адамдардың шешімі бойынша қабылдау комиссиясының құрамына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы бұйрық шығару арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қабылдау комиссиясының хатшысы кадр қызметі қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады, оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Қабылдау комиссиясының жұмыс органы кадр қызметтері болып табылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Қабылдау комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген іріктеу кезеңдеріне байқаушылар шақырылады.

Байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті өкілді органдардың депутаттары, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері қатыса алады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Бақылаушы ретінде қатысу үшін тұлға осы Қағидалардың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген іріктеу кезеңдері басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей кадр қызметіне тіркеледі.

Тіркелу үшін тұлғалар кадр қызметіне жеке сәйкестендіру нөмірі бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың немесе оның электрондық нысанының көшірмесін және оның ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

19. Байқаушыларға қабылдау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға, кандидаттардың дербес деректеріне, кандидаттар қатысатын іріктеу рәсімдеріне қатысты мәліметтерді жариялауға, олардың техникалық жазба құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Байқаушылар дауыс беруге қатыспайды және қабылдау комиссиясының жұмысы туралы өз пікірін осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген адамдарға жазбаша нысанда бере алады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Іріктеуге мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда тестілеуден, оның ішінде жеке қасиеттерін бағалаудан өткен адамдар қатысады.

Бұл ретте қатардағы және кіші басшы құрам лауазымының алғашқы кәсіптік даярлығына түсетін кандидаттар мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда тестілеуден, оның ішінде жеке қасиеттерін бағалаудан өтпестен іріктеуге қатысады.

22. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28-1. Кандидаттардың қалыптастырылған оқу істерінің негізінде қабылдау комиссиясы іріктеуге жіберілген кандидаттардың тізімін (еркін нысанда) қалыптастырады, оны қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және аумақтық органдардың, Академияның интернет-ресурстарында орналастырады. Мемлекеттік

мекемелерде іріктеуге жіберілген кандидаттардың тізімі аумақтық органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Іріктеуге жіберілген кандидаттардың тізіміне енгізілген кандидаттар іріктеудің келесі кезеңіне - дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруға жіберіледі.

Ескерту. Қағидалар 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Дене шынықтыру даярлығының нормативтерін тапсыру кезінде кандидаттар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес кандидаттардың медициналық жас топтарына бөлінеді.

30. Кандидаттардың дене дайындығының деңгейі мынадай нормативтерді тапсыру арқылы анықталады:

1) ерлер:

таңдауы бойынша – 100 метр қашықтыққа жүгіру, немесе сырғымалы жүгіру (10 метр 10 реттен);

таңдауы бойынша – белтемірде тартылу, немесе бөренеге тіреліп денені көтеру;

таңдауы бойынша – 1000 метр қашықтыққа жүгіру, немесе кешенді күштік жаттығулар (жатқан қалпында көтерілу, жатқан қалпынан толық отыру қалпына келу, толық отыру қалпынан секіру, денені арқамен жатқан қалпынан көтеру);

2) әйелдер:

таңдауы бойынша – 100 метр қашықтыққа жүгіру, немесе сырғымалы жүгіру (10 метр 10 реттен);

таңдауы бойынша – арқамен жатқан қалпынан денені көтеру, немесе жатқан қалпынан көтерілу;

таңдауы бойынша – 1000 метр қашықтыққа жүгіру, немесе жатқан қалпынан секіру.

31. Дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді орындау нәтижелері осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес кандидаттардың физикалық даярлығының нормативтерін бағалаудың балдық жүйесі бойынша бағаланады.

32. Кандидаттардың дене шынықтыру дайындығына жеке бағалары осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес кандидаттардың физикалық дайындығының деңгейін бағалау кестесі бойынша нормативтерді орындау кезінде жинаған ұпайлары ескеріле отырып айқындалады.

33. Дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтердің мазмұны және спорттық жаттығуларды орындау шарттары кандидаттардың назарына дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру басталғанға дейін 24 сағаттан кешіктірмей жеткізіледі.

34. Дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру басталар алдында қабылдау комиссиясының мүшелері оларды техникалық қауіпсіздік шараларымен қол қойдыра отырып таныстырады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Қабылдау комиссиясының мүшелері әрбір спорттық жаттығуды тапсыру нәтижелерін спорттық жаттығулардан өту туралы ведомостке (еркін нысанда) жазып, кандидатқа қол қойдыра отырып жеткізеді. Жаттығу нәтижелері жазылғаннан кейін қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Спорттық жаттығуларды тапсыру ведомостінде қамтылған деректер негізінде осы Қағиданың 8-қосымшасына сәйкес нысанда дене шынықтыру жаттығуларын тапсыру нормативтерінің жиынтық парағы құрастырылады.

37. Дене дайындығы бойынша нормативтерді ("қанағаттанарлық" және одан жоғары бағаланған) орындаған кандидат іріктеудің келесі кезеңіне – әңгімелесуге жіберіледі.

Дене дайындығы бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған кандидатты одан әрі іріктеу кезеңдерін өтуден бас тартуға негіз болып табылады.

38. Күні, уақыты және оны өткізу орны көрсетілген әңгімелесу өткізу кестесі, сондай-ақ дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді қабылдау аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі (еркін нысанда) аумақтық органдардың, Академияның интернет-ресурстарында және аумақтық органның, мемлекеттік мекеменің ақпараттық стендтерінде, жалпы қолжетімділік орындарында орналастырылады. Мемлекеттік мекемелерде әңгімелесу өткізу кестесі, сондай-ақ әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі аумақтық органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Әңгімелесу әрбір кандидатпен жеке сыпайы және ізгі ниет жағдайында өткізіледі.

40. Әңгімелесу кезінде техникалық жазу құралдарының көмегімен жазылған материалдар кадр қызметінде бір жыл сақталады.

41. Әңгімелесу кезінде әрбір кандидатқа бейіндік, ситуациялық және мотивациялық сұрақтар қойылады.

Қатардағы және кіші басшы құрам лауазымына кандидатқа коммуникативті деңгейін анықтау үшін қосымша сұрақ қойылады.

Қабылдау комиссиясы әрбір жарияланған лауазым бойынша сұрақтар тізімін қалыптастырады. Сұрақтар тізімі жария етілмейді.

Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Кандидатқа комиссия мүшелеріне нақтылау сұрақтарын қоюына рұқсат етіледі.

43. Бір лауазымға үміткер кандидаттарға сұрақтар тең мөлшерде қойылады.

44. Әңгімелесу аяқталғаннан кейін қабылдау комиссиясының мүшелері осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысанда әңгімелесу нәтижелері бойынша кандидаттарды бағалау парағындағы (бұдан әрі – кандидатты бағалау парағы) әр сұрақ бойынша ұпай береді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Әңгімелесу барысында әңгімелесу жүргізу қабілетін көрсетпеген кандидат (комиссияның кем дегенде бір мүшесінен әңгімелесу нәтижелері бойынша кандидаттарды бағалаудан 0 балл алған) әңгімелесуден өтпеген болып есептеледі және алғашқы кәсіптік даярлықтан одан әрі өтуге жіберілмейді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Кандидаттарды бағалау нәтижелерін қабылдау комиссиясының әрбір мүшесі әңгімелесу нәтижелері бойынша кандидатты бағалау парағына, әрбір кандидат бойынша жеке-жеке енгізеді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Әңгімелесу өткізу аяқталған күні қабылдау комиссиясы алғашқы кәсіптік даярлыққа жіберу үшін кандидаттар қатарынан олардың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткішін ескере отырып, мынадай өлшемшарттар бойынша іріктеуді жүзеге асырады:

1) білім деңгейі;

2) әскери қызметке қатынасы;

3) дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру нәтижелері бойынша бағалау;

4) спорттық разряд;

5) әңгімелесу нәтижелері бойынша кандидатты бағалау;

6) орта басшы құрам лауазымдарына кандидат тұлғалар үшін - тестілеу нәтижелері бойынша дұрыс жауаптардың орташа саны ("Құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 1 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14317 болып тіркелген) талаптарына сәйкес берілген мемлекеттік тілді және Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуден өткені туралы сертификат деректері негізінде) (бұдан әрі - № 1 бұйрық);

7) орта басшы құрам лауазымдарына кандидат тұлғалар үшін - жеке қасиеттерін бағалау нәтижелері (№ 1 бұйрықтың талаптарына сәйкес берілген құқық қорғау қызметі лауазымына кандидаттың жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу нәтижелері бойынша қорытынды деректерінің негізінде).

Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

48. Кандидаттың бәсекеге қабілеттілігінің әрбір критерийіне үлестік мән беріледі.

Кандидаттың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі::

$$КБҚК = k_1 + k_2 + k_3 + k_4 + k_5 + k_6 + k_7$$

онда,

КБҚК - кандидаттың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші;

К - кандидаттың бәсекеге қабілеттілік өлшемшарттары бойынша салмақтық мәні.

49. Кандидаттың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері өлшемшарттарының салмақ мәндеріне мыналар жатады:

"k1" білім деңгейі:

орта білім (салмақтық мәні "5");

орта білімнен кейінгі білім (салмақтық мәні "10");

жоғары білім (салмақтық мәні "15");

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (салмақтық мәні "20");

"k2" әскери қызметіне қатынасы:

мерзімді әскери қызметке шақырудан босату немесе кейінге қалдыру (үлестік мәні "0");

әскери - техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлықтан өту (салмақтық мәні "5");

мерзімді әскери қызметті немесе запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша азаматтардың әскери даярлығын өткеру (салмақтық мәні "10");

азаматтарды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау (салмақтық мәні "15");

"к3" дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру нәтижелері бойынша бағалау:

қанағаттанарлық (салмақтық мәні "5");

жақсы (салмақтық мәні "10");

өте жақсы (салмақтық мәні "15");

"к4" спорттық разряды:

спорттық разрядтың болмауы (салмақтық мәні "0");

"спорт шеберіне кандидат" тан төмен емес ("5" салмақтық мәні);

"к5" кандидатты әңгімелесу нәтижелері бойынша бағалау:

салмақтық мәні әңгімелесу нәтижелері бойынша балдардың қорытынды санына тең болып қабылданады (әңгімелесу нәтижелері бойынша балдардың қорытынды саны бағалау парақтарымен айқындалған әңгімелесу нәтижелері бойынша кандидаттарды бағалауларды қосу және қорытынды сомманы комиссия мүшелерінің санына бөлу жолымен айқындалады);

"к6" тестілеу нәтижелері бойынша дұрыс жауаптардың орташа саны (орта басшы құрам лауазымдарына кандидат тұлғалар үшін):

5-тен 8-ге дейін (салмақтық мәні "5");

9-дан 12-ге дейін (салмақтық мәні "10");

13 және одан жоғары (салмақтық мәні "15");

"к7" жеке қасиеттерін бағалау нәтижелері (орта басшы құрам лауазымдарына кандидат тұлғалар үшін): кандидат жеке қасиеті бойынша "тәуекел аймағында" бағалау нәтижесін алған жағдайда ("сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік" жеке сапасын қоспағанда) үлестік мәні "-5" құрайды. "Тәуекел аймағынан" жоғары бағалау нәтижесін алған жағдайда - әрбір жеке қасиеті бойынша салмақтық мәні "5" құрайды. Осы өлшем бойынша есептеу кезінде кандидат үміттеніп отырған лауазым санаты үшін бағдарламада көзделген жеке қасиеттерін бағалау нәтижелері ғана ескеріледі.

Кандидат "сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік" жеке қасиеті бойынша "тәуекел аймағында" бағалау нәтижесін алған жағдайда, үлестік мәні "-10" құрайды.

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Кандидаттың бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін іріктеу кезеңдерінің және осы Қағидалардың 4-3-тармағының 2), 4), 6) және 12) тармақшаларында көзделген құжаттарды зерделеу қорытындылары бойынша қабылдау комиссиясының хатшысы есептейді.

Кандидаттың бәсекеге қабілеттілігі көрсеткішінің есебі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кандидаттың бәсекеге қабілеттілігін бағалау парағында көрсетіледі.

Кандидаттың бәсекеге қабілеттілігін бағалау парағына қабылдау комиссиясының төрағасы, қабылдау комиссиясының мүшелері, қабылдау комиссиясының хатшысы, сондай-ақ танысу үшін кандидат қол қояды.

Бәсекеге қабілеттіліктің әрбір критерийі бойынша кандидаттың бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін есептеу кезінде бір ғана позиция ескеріледі. Кандидатта бәсекеге қабілеттіліктің бір критерийі бойынша екі немесе одан да көп позиция болған кезде ең үлкен салмақтық мәні бар позиция ескеріледі.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Қабылдау комиссиясы іріктеудің нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуге ұсыну;

2) кандидаттарды ведомстволық деректер банкіне (бұдан әрі - Деректер банкі) енгізуге ұсыну.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген шешім іріктеудің барлық кезеңінен өткен және бәсекеге қабілеттіліктің ең жоғары көрсеткішін жинаған кандидаттарға қатысты қабылданады.

Бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері тең болған жағдайда, қабылдау комиссиясының осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген шешімін алған кандидат болып, дене шынықтыру даярлығы бойынша ең көп балл жинаған кандидат есептеледі.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген шешім іріктеудің барлық кезеңінен өткен, бірақ бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткішін (дене шынықтыру даярлығы бойынша балл) осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген кандидаттардың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерімен (дене шынықтыру даярлығы бойынша баллдарымен) салыстырғанда төмен жинаған қалған кандидаттарға қатысты қабылданады.

Дегенмен, медициналық куәландыру анықтамасын, психофизиологиялық зерттеу қорытындысын, полиграфологиялық зерттеу қорытындысын, сондай-ақ мемлекеттік тілді және Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуден өткені туралы сертификатты және құқық қорғау қызметі лауазымына кандидаттың жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу нәтижелері бойынша қорытындыны (орта басшы құрам лауазымдарына) іске асыру мерзімдері қабылдау комиссиясымен шешімдер қабылдау кезінде жарамды болуы тиіс.

Бұрын іріктеуден өтпей қалған және қайта іріктеуге қатысқан адамдар, егер іске асыру мерзімі өтпеген медициналық куәландыру анықтамасы, психофизиологиялық

зерттеу қорытындысы, полиграфологиялық зерттеу қорытындысы бар болған жағдайда, іріктеуге ӘДК және полиграфологиялық зерттеуден өтпестен қатысады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51-1. Кандидаттардың Деректер банкінде болу мерзімі оларды енгізген күннен бастап бір жылдан артық емес болып табылады.

Деректер банкіне енгізілген кандидаттар, оларды енгізген күннен бастап бір жылдың ішінде олардың келісімімен алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеуден өткізбестен жолданады.

Кандидаттың оны алғашқы кәсіптік даярлыққа жолдау туралы ұсыныстан бас тартуы және/немесе осы тармақта көзделген Деректер банкінде болу мерзімінің өтуі оны Деректер банкінен алып тастауға негіздер болып табылады.

Дегенмен, медициналық куәландыру анықтамасын, психофизиологиялық зерттеу қорытындысын, полиграфологиялық зерттеу қорытындысын, сондай-ақ мемлекеттік тілді және Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуден өткені туралы сертификатты және құқық қорғау қызметі лауазымына кандидаттың жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу нәтижелері бойынша қорытындыны (орта басшы құрам лауазымдарына) іске асыру мерзімдері кандидатты алғашқы кәсіптік даярлыққа жолдау кезінде жарамды болуы тиіс.

Жоғарыда санамаланған құжаттардың іске асыру мерзімі өтіп кеткен жағдайда, кандидаттар оларды алғашқы кәсіптік даярлыққа жолдағанға дейін жаңартуды қамтамасыз етеді.

Аумақтық органның, мемлекеттік мекеменің кадр қызметі қызметке кандидаттардың ведомстволық деректер банкін осы Қағидаларға сәйкес іріктеу нәтижесінде жинаған олардың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткішін көрсете отырып жүргізеді.

Ескерту. 2-тарау 51-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Қабылдау комиссиясының шешімі еркін нысандағы хаттама түрінде ресімделеді, оған қабылдау комиссиясының төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшы қол қояды.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Қабылдау комиссиясының шешімі, егер кандидаттардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау парақтары оның құрамының кемінде үштен екісін толтырса, заңды деп есептеледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Қабылдау комиссиясының шешімі қабылданғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде аумақтық органның, Академияның интернет-ресурсында қабылдау комиссиясының шешімі және алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуге ұсынылған және Деректер банкіне енгізілген кандидаттардың тізімі (еркін нысанда) орналастырылады. Қабылдау комиссиясының шешімі, алғашқы кәсіптік даярлықтан өтуге ұсынылған және Деректер банкіне енгізілген кандидаттардың тізімі мемлекеттік мекемелерде аумақтық органдардың интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Қабылдау комиссиясының хатшысы қабылдау комиссиясының шешімі енгізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде кандидаттарға қабылдау комиссиясымен қабылданған шешімдер туралы өтініште көрсетілген байланыс телефондарының нөмірлері және/немесе электрондық поштаға хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Қабылдау комиссиясының шешіміне шағымдану Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлықтан өту шарттары

58. Аумақтық орган, мемлекеттік мекеме іріктеу нәтижелері бойынша алғашқы кәсіптік даярлық басталғанға дейін жеті күн бұрын оқу орталықтарына:

- 1) қабылдау комиссиясы шешімінің көшірмесінің;
- 2) кандидаттардың жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмесінің;
- 3) осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысандағы келісімшарттың;
- 4) осы Қағидаларға 10-2-қосымшаға сәйкес нысандағы кандидат туралы ақпараттың түсуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Алғашқы кәсіптік даярлыққа кандидаттарды оқу орталықтарына қабылдау Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде және Академия бастығының бұйрығымен жүзеге асырылады.

60. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде Академия бастығы бір жұмыс күні ішінде алғашқы кәсіптік даярлыққа кандидаттарды тыңдаушы ретінде оқу орталықтарына қабылдау туралы бұйрық (бұдан әрі - бұйрық) шығарады.

72. Бұйрық қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде аумақтық органның, мемлекеттік мекеменің кадр қызметі тыңдаушылардың құжаттарын оларға қатысты міндетті арнайы тексеру жүргізу үшін жолдайды.

73. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Бұйрық тыңдаушыны аумақтық органда, мемлекеттік мекемеде тағылымдамадан өтуші ретінде тағайындау үшін негіз болып табылады.

75. Аумақтық орган, мемлекеттік мекеме бұйрыққа қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тыңдаушымен еңбек шартын жасасады.

76. Тыңдаушыға еңбек шартына сәйкес алғашқы кәсіптік даярлықтан өткен уақыты үшін штаттық кестеде атқарып отырған лауазымы бойынша көзделген лауазымдық жалақы төленеді.

77. Алғашқы кәсіптік даярлыққа қабылданғаннан кейін тыңдаушылармен осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісімшарт жасалады.

Келісімшартқа келесі тараптармен қол қойылады:

1) Академиядан – Академия бастығымен не оның міндеттерін атқарушылармен, немесе сенімхат негізінде – оқу орталықтарының бастықтарымен;

2) аумақтық органдардан, мемлекеттік мекемелерден – аумақтық органдардың, мемлекеттік мекемелердің бастықтарымен не олардың міндеттерін атқарушылармен.

Сенімхатты беру Қазақстан Республикасының Азматтық кодексінің 167-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Заңның 11-бабы 3-тармағына сәйкес, келісімшартта алғашқы кәсіптік даярлыққа түсетін адамның, құқық қорғау органының және құқық қорғау органы білім беру ұйымының өзара міндеттемелері мен жауаптылығы белгіленеді, сондай-ақ алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтағаннан кейін құқық қорғау органдарында одан әрі қызметті өткеру шарттары мен мерзімдері көзделеді.

79. Алғашқы кәсіптік даярлық оқу орталығында оқытуды және тағылымдаманы қамтиды.

80. Тыңдаушыларды алғашқы кәсіптік даярлық шеңберінде оқытудың мерзімі ТЖМ келісу бойынша Академиямен оқу бағдарламалары мамзұнына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Тыңдаушының өзімен бірге:

- 1) жеке куәлігі;
- 2) іскерлік стильдегі киімі;
- 3) спорттық киімі және аяқ киімі;
- 4) жеке гигиена заттары;
- 5) жазу құралдары болуы керек.

82. Тыңдаушыларға оқу орталығында оқу кезеңінде жатақхана беріледі, сондай-ақ тамақпен қамтамасыз етіледі.

83. Алғашқы кәсіптік даярлықтан өтетін тұлғаларға Заңның 16-бабының 1-тармағының 1), 5), 8), 11), 12), 13), 14) және 15) тармақшаларының, 17-бабының 1-тармағының 5), 6), 7) және 8) тармақшаларының және 3-тармағының күші қолданылады.

84. Оқу орталығында оқу кезеңінде тыңдаушы:

- 1) оқу орталығында еңбек тәртібі мен тәртіпті сақтайды;
- 2) сабақтардың барлық түрлеріне қатысады және оқу бағдарламаларында көзделген және бекітілген тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындайды, өзіндік жұмысқа бөлінген уақытты тиімді пайдаланады;
- 3) оқу процесінде "қанағаттанарлық" баламалы бағадан төмен емес академиялық үлгерімді қамтамасыз етеді;
- 4) оқу орталығының оқытушылық, оқу-көмекші және өзге де құрамына, білім алушыларға құрмет көрсетеді, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұқпайды;
- 5) оқу орталығының жатақханасында тұрады;
- 6) мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 7) құқық бұзушылықтар жасау, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту, сондай-ақ қылмыстық процеске не әкімшілік іс жүргізуге қатысу фактілері туралы дереу хабарлайды;
- 8) оқу аудиторияларын, оқу-әдістемелік кабинеттерді, спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарды, кітапхананы, оқу-әдістемелік және ғылыми базаларды пайдаланады;
- 9) оқытылатын білім беру бағдарламалары бойынша топтық және жеке консультациялар алады.

85. Алғашқы кәсіптік даярлық кезеңінде оқыту Академия әзірлеген білім беру бағдарламалары бойынша вице-министр бекітетін жоспар-кестеге сәйкес жүргізіледі. Білім беру бағдарламалары ТЖМ құрылымдық бөлімшелерімен келісіледі және Академия бастығымен бекітіледі.

Академия білімді қорытынды бақылауды (бұдан әрі – емтихан) жүргізу нысанын дербес айқындайды, ол Академияның алқалық басқару органының шешімімен белгіленеді.

Оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысты бір академиялық сағат кемінде 40 минутты құрайды.

86. Оқу орталығында оқу қорытындысы бойынша тыңдаушылар емтихан тапсырады.

87. Оқу орталығында емтихан қабылдау үшін Академия бастығының бұйрығымен емтихан комиссиясы құрылады.

88. Емтихан комиссиясының төрағасы болып оқу орталығының бастығы тағайындалады.

89. Емтихан комиссиясының мүшелері оқу орталығының оқытушылар құрамынан тағайындалады.

90. Емтихан комиссиясының хатшысы оқу орталығының қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады.

91. Емтихан осы Қағидалардың 85-тармағында көзделген даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес қабылданады.

92. Емтихан қабылдау процесін оқу орталығы техникалық жазба құралдарының (аудио-, бейнежазба) көмегімен тіркейді.

93. Емтихан нәтижелерін бағалау үшін осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі пайдаланылады.

94. Емтихан нәтижелері тыңдаушыларға емтихан аяқталғаннан кейін хабарланады.

Қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда тыңдаушыларға емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі. Қанағаттанарлықсыз баға қайтадан алынған кезде тыңдаушы алғашқы кәсіптік даярлықтан шығарылады.

95. Емтиханды сәтті тапсырған тыңдаушылар (қанағаттанарлық және одан жоғары) тағылымдамадан өту үшін аумақтық органға, мемлекеттік мекемеге жіберіледі.

Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

96. Тыңдаушылар міндетті арнайы тексерудің оң қорытындысын алғанға дейін, бірақ кемінде бір ай тағылымдамадан өтеді.

97. Кадр қызметі тағылымдаманың орны мен жетекшісі-тәлімгерді анықтайды.

98. Тағылымдама кезеңінде тыңдаушы:

1) тағылымдаманың жеке жоспарында көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімде орындайды;

2) белгіленген күн тәртібі мен еңбек тәртібін сақтайды;

3) атқарылған жұмыстың есебін жүргізеді;

4) тағылымдама процесінде алынған мәліметтерді жария етпейді;

5) тағылымдама жетекшісі - тәлімгердің тапсырмалары шегінде әрекет етеді, мемлекеттік құпияларға рұқсатты талап ететін режимдік объектілерде жүзеге асырылатын іс-шараларды, сондай-ақ оның өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органдары өткізетін іс-шараларға қатысады;

6) аумақтық органның, мемлекеттік мекеменің қызметкерлері мен жұмыскерлеріне құрмет көрсетеді, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұқпайды;

7) қызметтік мүлікке және техникалық құралдарға ұқыпты қарайды;

8) тағылымдама жетекшісі - тәлімгеріне құқық бұзушылықтар жасау, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту, сондай-ақ қылмыстық процеске не әкімшілік іс жүргізуге қатысу фактілері туралы дереу хабарлайды;

9) киімнің іскерлік стилін ұстанады.

99. Тағылымдама жетекшісі - тәлімгер:

1) тағылымдаманың жеке жоспарын әзірлейді және бекітеді;

2) тыңдаушыны аумақтық органның, мемлекеттік мекеменің функционалдық міндеттерімен, жұмысын ұйымдастырумен таныстырады;

3) тағылымдаманың жеке жоспарында көзделген мәселелерді зерделеуде қажетті әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) тағылымдаманың жеке жоспарының уақтылы орындалуын бақылайды.

100. Тағылымдама мерзімі аяқталғаннан кейін тыңдаушы тағылымдаманың жеке жоспарын орындау нәтижелерін көрсете отырып, жазбаша есеп жазады.

101. Тағылымдама қорытындысы бойынша тағылымдама жетекшісі – тәлімгер тыңдаушыға мінездеме жазады (еркін нысанда).

102. Мінездемеде теориялық білім деңгейіне және практикалық жұмыс дағдыларына баға беріледі, тыңдаушының моральдық және іскерлік қасиеттері, оның еңбек және орындаушылық тәртіпке қатынасы, сондай-ақ тыңдаушының жеке басын сипаттайтын мәліметтер және кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша ұсынымдар (қажет болған жағдайда) көрсетіледі.

103. Тағылымдама аяқталған күннен кейін бір жұмыс күнінен кешітірмей аумақтық органдар, мемлекеттік мекемелер Академияның қызметтік электрондық почтасына осы Қағидаларға 11-1-қосымшадағы нысанға сәйкес міндетті арнайы тексерудің оң қорытындысын алуға байланысты тыңдаушымен тағылымдаманың аяқталғандығы туралы хабарландыру (бұдан әрі - хабарландыру) жолдайды.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Академия хабарландыру түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде алғашқы кәсіптік даярлығының аяқталуына байланысты тыңдаушыларды оқудан шығару туралы бұйрыққа Академия бастығы немесе оны алмастыратын адам қол қояды және өзінің интернет-ресурсында алғашқы кәсіптік даярлықтың аяқталғандығын растайтын осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысанда сертификаттарды (электрондық форматта) орналастырады.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.06.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтаған тұлғалар сертификат алады және қызмет бағыты бойынша алғашқы кәсіптік даярлықтан өткен аумақтық органның немесе мемлекеттік мекеменің кадрына қабылданады.

107. Алғашқы кәсіптік даярлықтан өткен тұлғаны аумақтық органдағы немесе мемлекеттік мекемедегі лауазымға тағайындау кезінде алғашқы кәсіптік даярлықтан өту мерзімі құқық қорғау қызметінің өтіліне (еңбек сіңірген жылдарына) есептеледі.

108. Алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтаған тұлғаны лауазымға тағайындау туралы шешімді уәкілетті басшы қабылдайды.

109. Заңның 11-бабы 6-тармағына сәйкес, алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтаған адамдар құқық қорғау органдарында кемінде үш жыл қызмет өткеруге міндетті.

4-тарау. Алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері

110. Алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздері:

- 1) еңбек тәртіптемесі мен тәртібін бұзу;
- 2) Осы Қағидалардың 84 және 98-тармақтарында көзделген талаптардың бірін бұзу;
- 3) алғашқы кәсіптік даярлықтың барлық кезеңінде дәлелді себепсіз оқу және/немесе тағылымдамадан өту орнында үш күннен артық болмауы;
- 4) келісімшарт талаптарын орындамау немесе тиісінше орындамау;
- 5) өз қалауы бойынша;
- 6) алғашқы кәсіптік даярлықтың білім беру бағдарламасы бойынша оқыту қорытындылары бойынша "қанағаттанарлықсыз" бағаға емтихан тапсыру;
- 7) міндетті арнайы тексерудің теріс нәтижелері;
- 8) алғашқы кәсіптік даярлықты бітіру.

111. Академияның тыңдаушыны алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару туралы бұйрығының көшірмесі екі жұмыс күні ішінде аумақтық органға, мемлекеттік мекемеге жолданады.

112. Осы Қағидалардың 110-тармағының 1)-4) тармақшалары бойынша тыңдаушыны шығару теріс қылық анықталған күннен бастап бір ай мерзім ішінде қызметтік тергеу қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

113. Заңның 11-бабы 7-тармағына сәйкес, алғашқы кәсіптік даярлықты аяқтаған адам құқық қорғау органында одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан не үлгермеуіне және (немесе) тәртіп бұзуына байланысты, сондай-ақ өз еркімен құқық қорғау органдарының білім беру ұйымынан шығарылған жағдайда, ол даярлыққа, өзін даярлауға, тамағы мен тұру орнына жұмсалған бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекетке өтеуге міндетті.

Бұл міндет үш жыл ішінде әскери-дәрігерлік комиссияның қызметке жарамсыздығы немесе жарамдылығы шектеулі екені туралы қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша не құқық қорғау органы штатының қысқартылуына, оны қайта ұйымдастыруға немесе таратуға байланысты қызметтен шығарған жағдайда, оны басқа лауазымда пайдалану, сондай-ақ басқа құқық қорғау органына не арнаулы мемлекеттік органға ауыстыру мүмкін болмаған жағдайларда қызметкерге қолданылмайды.

Мемлекеттік өртке қарсы
қызмет органдарына кіретін
адамдар үшін алғашқы кәсіптік
даярлыққа іріктеу қағидаларына
және одан өту шарттарына,
сондай-ақ оларды алғашқы
кәсіптік даярлықтан шығару
негіздеріне
I-қосымша

Нысан

Лауазымға орналасуға арналған іріктеуге қатысуға өтініш

Мені _____ лауазымына орналасу үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеуге қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларымен және одан өту шарттарымен, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерімен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Прошу допустить меня к участию в отборе на первоначальную профессиональную подготовку на занятие должности _____.

С основными требованиями Правил отбора на первоначальную профессиональную подготовку и условиями ее прохождения для лиц, поступающих в органы государственной противопожарной службы, а также основаниями их отчисления от первоначальной профессиональной подготовки ознакомлен (ознакомлена), согласен (согласна) и обязуюсь их выполнять.

Менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісімімді білдіремін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

Мекенжайы _____

Байланыс телефондарының нөмірлері: _____

e-mail: _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

" _____ " _____ 20__ жыл.

Мемлекеттік өртке қарсы
қызмет органдарына кіретін
адамдар үшін алғашқы кәсіптік
даярлыққа іріктеу қағидаларына
және одан өту шарттарына,
сондай-ақ оларды алғашқы
кәсіптік даярлықтан шығару
негіздеріне
2-қосымша

Нысан

Өмірбаяны

Өмірбаянды хронологиялық реттілікпен түзетулерсіз өз қолымен тексерілетін тұлға міндетті түрде мынадай мәліметтерді көрсете отырып, күлгін немесе қара түсті сиямен орындайды:

Сіздің тегіңіз, атыңыз, әкеңіздің аты (бар болса), туған күніңіз (күні, айы, жылы) және туған жеріңіз (ауыл, аудан, қала, облыс), азаматтығыңыз;

нақты мекенжайлары мен тұрғылықты кезеңдері көрсетілген, Сіз тұрған елді мекендер;

қашан, қайда және қандай арнаулы орта, техникалық орта, жоғары оқу орындарында оқыдыңыз, топтардың, факультеттердің нөмірлері (атауы), біліміңіз бойынша алған мамандығыңыз;

Егер Сізде, шетелдік оқу орындары берген білім туралы құжат болса, дипломыңызды тану немесе нострификациялау туралы ақпаратты көрсетіңіз;

қашан және қандай қорғаныс істері жөніндегі департаментпен (басқармамен, бөліммен) Сіз әскери қызметке шақырылдығыңыз; оқу орындарында қызмет өткеру туралы мәліметтерді; Қазақстан Республикасының немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының басқа елдерінің Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткеру туралы мәліметтерді көрсетіңіз; әскер түрі; әскери мамандығыңыз; лауазымыңыз; әскери бөлімдердің орналасқан жері және нөмірлері; запасқа шығарылған күні; әскери комиссариатқа есепке қою, оның атауы;

еңбек қызметі: Сіз жұмыс істеген барлық кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің орналасқан жерін, мекен-жайын және нақты заңды атауын, жұмыс уақытын, лауазымын, жұмыстан босату немесе ауыстыру негізін көрсетіңіз;

отбасылық жағдайыңыз: некеге тұрған кезіңіз; жұбайыңыздың (зайыбыңыздың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған жылы, туған жері, ұлты, азаматтығы (тегі некеге дейін және одан кейін көрсетіледі); егер некеге тұрған болса, екінші рет бұрынғы жұбайыңыздың (зайыбыңыздың) толық мәліметтерін, нөмірін және нөмірін көрсетіңіз. некені бұзу туралы куәліктің күні, қайда, қашан, кім берді;

Егер Сіз және Сіздің жұбайыңыз (зайыбыңыз) немесе жақын туысқандарыңыз (әкесі, анасы, ата-анасы бір аға-інілері, апа-сіңділері және балалары) тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) өзгерткен болса, олардың бұрынғы тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) көрсетіңіз;

Сіз және Сіздің жұбайыңыз (зайыбыңыз) немесе жақын туысқандарыңыз (әкесі, анасы, ата-анасы бір аға-інілері, апа-сіңлілері және балалары) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шықтыма (қайда, қашан, қандай мақсатпен);

Сізде немесе жұбайыңызда (зайыбыңызда), Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын немесе бұрын шетелде, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде тұрған жақын туыстарыңыз бар ма (кім, қай елде, туыстық дәрежесі);

Сіздің жақын туыстарыңыздың немесе жұбайыңыздың (зайыбыңыздың) біреуі шет ел азаматтығында болды ма немесе азаматтары (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туыстық дәрежесі); жоғарыда аталған адамдардың қайсысымен және қашан Сіз немесе жұбайыңыз немесе олардың туыстары байланыс орнатқан (жазбаша немесе басқа байланыстар, соның ішінде ғаламдық Интернет желісі арқылы);

Сіздің немесе жұбайыңыздың (зайыбыңыздың), сондай-ақ жақын туыстарыңыздың (әкесі, анасы, ата-анасы бір аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) сотталғандығы бар ма;

Сізге немесе жұбайыңызға (зайыбыңызға), сондай-ақ жақын туыстарыңызға (әке, ана, ата-анасы бір аға-інілері мен апа-сіңлілері, балалары) қатысты кейіннен қылмыстық қудалау органы немесе сот қысқартқан не ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық қудалау органы қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан қылмыстық істер қозғалды ма;

Сіз әкімшілік немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тартылдыңыз ба;

Сізді мемлекеттік қызметтен теріс себептер бойынша босатты ма;

Қазіргі уақытта сіздің жұмыс орныңыз және лауазымыңыз, нақты тұрғылықты және тіркелген мекенжайыңыз (бар болса).

ҚОЛЫ, КҮНІ

Ескертпе:

Өмірбаянды толтыру кезінде құқық қорғау қызметіне кіретін адам жоғарыда аталған барлық сұрақтарға бір мәнді жауаптар береді.

Мемлекеттік өртке қарсы
қызмет органдарына кіретін
адамдар үшін алғашқы кәсіптік
даярлыққа іріктеу қағидаларына
және одан өту шарттарына,
сондай-ақ оларды алғашқы
кәсіптік даярлықтан шығару
негіздеріне
3-қосымша

Нысан

Сауалнама (өз қолымен толтырылады)

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.05.2024 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

фотосуретке
арналған
орын

1. Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

2. Туған күні, айы, жылы және жері (ауыл, қала, аудан, облыс, өлке, республика).	
3. Азаматтығы (егер өзгертілген болса, онда қашан және қандай себеппен көрсетіңіз).	
4. Егер тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын (бар болса) өзгертсеңіз, онда бұрынғы толық анықтамалық деректерді, сондай-ақ оларды қашан, қайда және қандай себеппен өзгерткеніңізді көрсетіңіз (сауалнамаға растайтын құжаттарды қоса беру қажет).	
5. Жеке басты куәландыратын құжаттар-жеке куәлік және паспорт (тіркеу нөмірі, берілген күні, әрбір құжатты кім берген).	
6. Тіркелген (тіркелген) мекенжайы және нақты тұратын жерінің мекенжайы.	
7. Үй, жұмыс, ұялы телефон, электрондық пошта, әлеуметтік желілер және аккаунттар.	
8. Білімі (қашан және қандай оқу орындарын бітіргені, дипломдардың сериясы мен нөмірі, берілген күні), диплом бойынша мамандығы, диплом бойынша біліктілігі. Шетелдік оқу орындары берген білімі туралы құжат болған жағдайда тану немесе нострификациялау туралы куәліктің сериясы мен тіркеу нөмірі (сауалнамаға растайтын құжаттарды қоса беру қажет).	
9. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (қашан берілді, дипломдардың сериясы мен нөмірі)	
10. Қандай шет тілдерін және Қазақстан халықтарының тілдерін білесіз, түсіндіре аласыз (еркін білесіз).	
11. Сіз, жұбайыңыз (зайыбы), оның ішінде бұрынғы немесе жақын туыстарыңыз (әкесі, анасы, ата-анасы бір аға-інілері мен апа-сіңлілері, балалары) сотталды ма (қашан және не үшін).	
12. Сізге, жұбайыңызға (зайыбыңызға) немесе жақын туыстарыңызға (әкеңізге, анаңызға, ата-анасы бір аға-інілеріңізге, апа-сіңлілеріңізге, балаларыңызға) қатысты қылмыстық қудалау органы немесе сот ақталмайтын негіздер бойынша қысқартқан қылмыстық істер басталды ма не тергеуге дейінгі тексеру материалдары бойынша ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан (сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау) бас тарту туралы процестік шешімдер қабылданды ма (қашан және не үшін)	
13. Сіз сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тартылдыңыз ба (

қашан, қандай құқық бұзушылық жасағаны үшін, Сізге қатысты қандай шаралар қабылданды)				
14. Сізді бұрын мемлекеттік қызметтен теріс себептер бойынша босатты ма (қашан, қандай тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, заңнаманың қандай тармағы негізінде, қызметтен шығару туралы бұйрықтың күні мен нөмірі)				
15. Сізге сот тәртібімен арнайы тексеру жүргізілгенге дейін бір жыл ішінде құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылды ма (қашан және не үшін)				
16. Сіз шетелге шықтыңыз ба (қайда, қашан және қандай мақсатпен)				
17. Еңбек қызметі басталғаннан бастап орындалатын жұмыс жоғары және орта оқу орындарындағы оқуды, әскери қызметті қоса алғанда (кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар сол уақыт кезеңінде қалай аталғаны көрсетілсін, әскери қызметті лауазымы мен әскери бөлімнің нөмірі көрсетіле отырып көрсетілсін).				
Айы және жылы		Ұйым көрсетілген лауазымы		Ұйымның орналасқан жері
Түскен	Шыққан			
18. Жақын туыстары (әкесі, анасы, ата-анасы бір аға-інілері мен апа-сіңлілері, балалары), жұбайы (зайыбы), оның ішінде Сізбен бұрын некеде болған адамдар туралы мәліметтер. Егер туыстары тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) өзгерткен болса, онда олардың бұрынғы тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), сондай-ақ қандай себеппен тегін өзгерткенін көрсету қажет.				
Туыстық дәрежесі	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі	Туған күні, айы, жылы және жері	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты мекенжайы
19. Сіздің немесе жұбайыңыздың (зайыбыңыздың) шетелде тұрақты тұратын жақын туыстары бар ма (тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), туған жылын, туыстық дәрежесін, тұрғылықты жерін, тұратын елін, қай кезеңде шетелде тұратынын көрсетіңіз).				
20. Әскери міндеттілікке қатынасы және әскери атағы. Әскери билет (тіркеу куәлігі), сериясы, нөмірі, кім және қашан берді (бар болса).				
21. Қосымша мәліметтер (мемлекеттік наградалар, сайланбалы өкілді органдарға қатысу, сондай-ақ өзіңіз туралы хабарлағыңыз келетін басқа да ақпарат).				

Маған жалған мәліметтер, атап айтқанда сауалнамада хабарланған мәліметтерді ұсынбау немесе қасақана бұрмалау құқық қорғау қызметіне тұрудан бас тартуға әкеп соғуы мүмкін екені ескертілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдары мен арнайы тексеру бөлімшесінің маған қатысты арнайы тексеру жүргізуіне

келісемін

(ұйымның атауы)

" ____ " _____ 20 ____ жыл Қолы _____

Тексерілетін адамның фотосуреті, еңбек қызметі және оқуы туралы деректері жеке басты куәландыратын құжаттарға, еңбек кітапшасындағы жазбаларға білімі және әскери қызметі туралы құжаттарға сәйкес келеді.

М.О. _____

(кадр қызметі қызметкерінің қолы, тегі)

Ескертпе:

Сауалнаманы баяндау кезінде құқық қорғау қызметіне кіретін адам жоғарыда аталған барлық сұрақтарға бір мәнді жауаптар береді.

Мемлекеттік өртке қарсы
қызмет органдарына кіретін
адамдар үшін алғашқы кәсіптік
даярлыққа іріктеу қағидаларына
және одан өту шарттарына,
сондай-ақ оларды алғашқы
кәсіптік даярлықтан шығару
негіздеріне
4-қосымша

Нысан

Жеке іс парағы Личный листок

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.05.2024 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

кадр есебі жөніндегі
по учету кадров

1. Тегі _____ Фамилия

Аты-жөні _____ Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ Имя

Отчество (при его наличии)

2. Жынысы _____ 3. Туылған жылы, күні мен айы _____ Пол Год,
число и месяц рождения

4. Туылған жері _____
Место рождения

5. Ұлты _____

6. Азаматтығы _____ Национальность Гражданство

7. Білімі _____

Образование

Оқу орнының

атауы және

о н ы н

орналасқан

жері

Название

учебного

заведения и

Факультеті

немесе

бөлімшесі

Факльтет или

отделение

Түскен жылы

Г о д

поступление

Бітірген

немесе

шыққан жылы

Бітірмесе, қай

курстан

шықты

Если не

окончил, то с

Оқу орнын бітірген соң қай


мамандықты алды, диплом

немесе куәліктің номері

Какую специальность

получил в результате

окончания учеб, заведения,



е г о
местонахожде
ние

Г о д
окончания
или ухода

какого курса номер диплома Или
ушел удостоверения

8. Ана тілі, басқа қандай тілдерді, қандай дәрежеде білесіз _____

—
Родной язык, какими другими языками владеете в какой степени

—
(оки, сөздікпен аудар, түсінісі аласыз ба, еркін сөйлейсіз бе)

(читаете и переводите со словарем, читаете и можете объяснить, владеете, свободно)

9. Ғылыми дәрежесі, атағы _____

—
Ученая степень, ученое звание

10. Қандай ғылыми еңбектеріңіз бен жаңалықтарыңыз бар _____

—
Какие имеете научные труды и изобретения

—
11. Сіз немесе жұбайыңыз (зайыбыңыз), сондай-ақ жақын туыстарыңыз сотталған ба _____

—
Имеется ли у Вас или супруга (супруги), а также близких родственников судимость (қашан, не үшін кім соттады, жазалау шарасы) (кем, когда и за что осужден, мера наказания)

—
Жақын туыстары: ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер.

Бликие родственники: родители (родитель), дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушка, бабушка, внуки.

12. Еңбек жолы басталғаннан бергі атқаратын жұмысы (жоғары және орта арнаулы оқу орнындарындағы оқуды, әскери қызметті және қоса атқаратын жұмысты қосқанда)

Выполняемая работа с начала трудовой деятельности (включая учебу в высших и средних специальных учебных заведениях)

Осы тармақты толтыратын кезде кәсіпорындардың, ұйым-мекемелердің атауларын кезінде кезінде қалай аталғанына қарай атап, әскери қызметті лауазымды көрсете отырып толтыру керек.

При заполнении данного пункта учреждения, организации и предприятия необходимо именовать так, как они назывались в свое время военную службу записывать с указанием должности.

Айы мен жылы Месяц и год		Лауазымы, кәсіпорындарды, ұйым-мекемелерді, сондай-ақ министрлікті (ведомствоны) көрсете отырып Должностей, с указанием учреждения, организации, предприятия, а также министерства (ведомства)		Кәсіпорындардың, ұйым-мекемелердің орналасқан жері Местонахождение учреждения, организации, предприятий
Түскен Вступления	Шыққан Ухода			

13. Жеке іс сапарға толтырған сәттегі отбасы жағдайы, сіздің жақын туыстарыңыз*

Семейное положение в момент заполнения личного листка, Ваши близкие родственники

Туыстық дәрежесі Степень родства	Тегі, аты-жөні, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество	Күні және туған жері Дата и место рождения	Жұмыс орны, лауазымы Место работы, должность	Тұрғылықты жері Место жительства
-------------------------------------	--	---	---	-------------------------------------

Жақын туыстары: ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер.

Близкие родственники: родители (родитель), дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, бабушка, бабушка, внуки.

Заңмен белгіленген тәртіппен өзгертсе, олардың бұрынғы тегі, аты-жөні, әкесінің аты сонымен қатар бұрынғы ерлі-зайптыларға деректер көрсетілсін

14. Шет елде болуы (жұмыс, қызметтік іссапар, делегациямен бірге сапар)

Пребывание за границей (работа, служебная командировка, поездка с делегацией)

Айы мен жылы Месяц и год		Қай елде В какой стране	Шет елде болу мақсаты Цель пребывания за границей
Қай уақыттан С какого времени	Қай уақытқа По какое время		

15. Қандай сайланбалы органдарға (қашан, қандай және қай жерде) сайланған немесе сайланды

В какие выборные органы избирался или избран (где, в какие и когда)

16. Әскер қызметіне қатысы _____

Отношение к воинской обязанности _____

(әскери міндетті, әскери міндетті емес, әскери есептегі мамандығы, әскери атағы, әскери билеттің номері және жеке номері (бар болса))

(военнообязанный, невоеннообязанный, военно-учетная специальность, воинское звание, номер военного билета и личный номер (при наличии))

17. Қандай үкімет наградаларыңыз бар _____

(қашан, немен, кім марапаттады)

(когда, кем и за что награжден)

18. Төлқұжат _____

Паспорт

(сериясы, номері, қашан, кім берген, тіркелген тұрығының мекен-жайы)

(серия, номер, кем и когда выдан, адрес прописки)

19. Тұрғылықты жері

Место жительства

_____ жыл/год. Өзінің қолы _____
" " _____
Личная подпись

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларына және одан өту шарттарына, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздеріне
5-қосымша

Кандидаттардың медициналық-жас топтары

№	Медициналық-жас тобы	Жасы, жынысы	
		Ерлер	Әйелдер
1.	I топ	23 жасқа дейін	23 жасқа дейін
2.	II топ	23 – 29 жас	23 – 29 жас
3.	III топ	30 жас және одан жоғары	30 жас және одан жоғары

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларына және одан өту шарттарына, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздеріне
6-қосымша

Кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді бағалаудың балдық жүйесі Жылдам дайындық 100 метр қашықтыққа жүгіру

Ерлер		Әйелдер	
Уақыт (секунд)	Балы	Уақыт (секунд)	Балы
12.50	100	16.50	100
12.60	98	16.60	98
12.70	96	16.70	96
12.80	94	16.80	94
12.90	92	16.90	92
13.00	90	17.00	90

13.10	88	17.10	88
13.20	86	17.20	86
